Сондай-ақ, жеңімпаздардың 172-і – жұмыссыз, 108 – і мемлекеттік емес салада, 40-ғы жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет атқарушылар болғанын және 51 басқа салалар екенін атап өтуге болады.

Жеңімпаздардың сапалық құрамы төмендегідей: жоғары білімі барлар-319 (85,9%), орта кәсіптік-52 (14,1%).

21.12.2008 жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны 4942 бірлікті (соның ішінде саяси – 179 бірлік) құрады.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – 4521 (176-і саяси қызметшілер) құрады. Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны - 2515 немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан 55,6 % құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің ортақ жасы өзгеріссіз қалды, ол - 40 жас 4 ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - 3610 немесе 79,8%, оның ішінде 382 адам бірден көп жоғары білімі барлар. 9 мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

Мемлекеттік органдардың ұлттық құрамы: қазақтар-4006 адам (88,6%), орыстар-407 адам (9 %), өзге ұлттар-108 адам (2,4%).

2008 жыл бойы жұмыстан шығу арқылы 849 әкімшілік мемлекеттік қызметшілер босатылды және арнайы тексеріс нәтижелері келгенше 328 адам әкімшілік мемлекеттік қызметшінің міндеттерін уақытша атқарады.

Ал енді 2009 жылда облысымыздың мемлекеттік органдарымен 343 бос орын жарияланып конкурстар өткізілді және бұл көрсеткіш 2008 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 30 % (147-ға орын) аз. Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне 2184 адам қатысты және оның - 1294-і әйел адамдар. 2008 жылғымен салыстырғанда қатысушылардың саны 4,3 % (96 үміткерге) көбейген.

Осы жылы тестілеу үрдісіне 1757 үміткер қатысып, олардың 1155-сі оң деген баға алды, яғни қатынасшылардың 65,7 % құрайды.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша 279 үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер-143 (51,2 %). Сондай-ақ, жеңімпаздардың 166-ы – жұмыссыз, 68-і мемлекеттік емес салада, 6-ы аумақтық мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындар, 14-і жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет атқарушылар болғанын және 25 басқа салалар екенін атап өтуге болады.

Жеңімпаздардың сапалық құрамы төмендегідей: жоғары білімі барлар-231 (82,7%), орта кәсіптік-46 (16,4%), орта біліммен-2 (0,9%).

31.12.2009 жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны 4813 бірлікті (соның ішінде саяси – 179 бірлік) құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 2220 санды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – 4510 (175-і саяси қызметшілер) құрады. Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны – 2530 немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан 56 % құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің ортақ жасы - 39 жас 6 ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - 3656 немесе 81 %, оның ішінде 407 адам

бірден көп жоғары білімі барлар. 10 мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

Мемлекеттік органдардың ұлттық құрамы: қазақтар-4030 адам (89,3%), орыстар-378 адам (8,3 %), өзге ұлттар-102 адам (2,4%).

2009 жыл бойы жұмыстан шығу арқылы 928 мемлекеттік қызметшілер босатылды (оның ішінде 204 мемлекеттік органның қайта құрылуына байланысты) және арнайы тексеріс нәтижелері келгенше 188 адам әкімшілік мемлекеттік қызметшінің міндеттерін уақытша атқарады.

Ал 31.12.2010 жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны 4251 бірлікті (соның ішінде саяси – 180 бірлік) құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны 2142 санды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – 4150 (176-ы саяси қызметшілер) құрады.

Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны – 2220 немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан 55,6 % құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің орта жасы - 39 жас 3 ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - 3483 немесе 83,9 %, оның ішінде 465 адам бірден көп жоғары білімі барлар. 12 мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар. Мемлекеттік органдардың ұлттық құрамы: қазақтар-3766 адам (90,7%), орыстар-293 адам (7,1 %), өзге ұлттар-91 адам (2,2 %).

2010 жылы жұмыстан шығу арқылы 331 мемлекеттік қызметшілер босатылды және арнайы тексеріс нәтижелері келгенше 85 адам әкімшілік мемлекеттік қызметшінің міндеттерін уақытша атқарады.

2010 жылы облысымыздың мемлекеттік органдарымен 531 бос орын жарияланып конкурстар өткізілді.

Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне 2934 адам қатысты және оның – 1631-і әйел адамдар.

Осы жылы тестілеу үрдісіне 2049 үміткер қатысып, олардың 1398-сі оң деген баға алды, яғни қатынасшылардың 68,2 % құрайды.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша 415 үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер – 187 (45 %).

Жеңімпаздардың сапалық құрамы төмендегідей: жоғары білімі барлар – 331 (79,7 %), орта кәсіптік – 84 (20,3 %).

2010 жылы Аймақтық оқыту орталығында 832 мемлекеттік қызметші оқудан өтті, соның ішінде, 231-і қайта даярлаудан, 601-і біліктілік арттыру курстарынан өтті. Осы мақсатқа 21 260 000 теңге бөлініп, толықтай игерілді.

2010 жылдың басында басқарманың кадрлар резервінде 69 резервші болса, 2010 жылдың қорытындысы бойынша кадр резервіне 257 адам енгізілген. Осы мерзім ішінде 156 адам жұмысқа орналасты.

Білім деңгейі бойынша: 132 жұмысқа орналасқан резервшілердің білімі жоғары, 24-і орта кәсіптік.

Департамент Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігіне бағынышты.

Басқарманың 2008 жылғы штаттық лауазымдар тізілімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасының 2005 жылғы 28 желтоқсандағы № 02-01-02/183 бұйрығымен бекітілді:

Басқарма бастығы-Тәртіптік кеңес төрағасы - 1 бірлік

Басқарма бастығының орынбасары - 1 бірлік

Тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі - 1 бірлік

Құрылымдық бөлімінің басшысы - мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы - 1 бірлік

Мемлекеттік қызметті кадрмен қамтамасыз ету бөлімінің консультанты – 3 бірлік

Тәртіптік кеңестің хатшылығы құрылымдық бөлімінің басшысы – мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңын сақтауды қадағалау бөлімінің бастығы - 1 бірлік

Тәртіптік кеңестің хатшылығы – мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңын сақтауды қадағалау бөлімінің консультанты - 3 бірлік

Барлығы: 11 бірлік

2009, 2010 жылдарында Басқарманың штаттық саны мен құрылымы өзгерген жоқ.

Ведомстволық мұрағат болмағандықтан 2008 жылдан бастап құжаттар бөлімдерде сақталуда.

2000-2005 жылдар аралығындағы тұрақты сақталатын 159 іс БҚО мемлекеттік мұрағатқа №26 23.09.2004ж., №1 14.01.2009 ж. актілер бойынша тапсырылды. 2006-2007 жылдар аралығындағы тұрақты сақталатын 62 іс БҚО мемлекеттік мұрағатқа №1 06.11.2012ж. актісі бойынша тапсырылды.

2000-2005 жылдар жеке құрам бойынша 25 іс сейфте басқармада сақталуда. 2006-2007 жылдар жеке құрам бойынша 27 іс сейфте басқармада сақталуда. Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамын тізімдемелер, тарихи анықтамалар қамтиды.

Аннотация, библиография, құжаттарға қол жеткізу мен пайдалану туралы ақпарат сияқты элементтері жоқ.

2008-2010 жылдар аралығындағы құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу өткізілді. Олар мұрағаттық қордың құрамы мен мазмұнын сипаттайтын мынандай тұрақты сақталатын істер – ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің тапсырмалары; олардың орындалуы жөніндегі құжаттары; Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтары; Басқарманың жұмыс регламенті; Басқарманың жылдық жұмыс жоспарлары; Мемлекеттік органдар басшыларымен, кадр қызметі қызметкерлерімен өткізілген семинар-кеңестердің құжаттары; Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтарды тіркеу журналы; Тәртіптік кеңесі шешімдерін тіркеу журналы; Басқарма қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу жөніндегі құжаттары; Қаржыландыру жылдық жоспарлары және оның құжаттары; Қызмет көрсету

және қызмет көрсету жұмыстары тауарларды мемлекеттік сатып алу бойынша жылдық жоспарлары; Штаттық кестелер және олардың өзгертулері; Кадр резерві, ауыстыру тәртібі келісілулер, аттестациялау жөніндегі есептері; Мемлекеттік қызметшілердің саны және мемлекеттік органдарда конкурстық сұрыптау жөніндегі есеп берулері; Кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептері; Тәртіптік кеңес отырыстарының хаттамалары; Мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларын сақтауды тексерудің қорытындысы бойынша есептері (А-1 нысаны); Тәртіптік кеңес жұмысы туралы есептері (№А-2, 1-ДС); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» есептері №1-ТӨ; Орталық мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімдері тәртіптік комиссиялары қызметінің нәтижесі жөніндегі басқарманың есептері (А-3 нысаны); Мемлекеттік органдарының қызметшілерімен Ар-Намыс кодексі нормаларының сақталуы бойынша есептері (А-4 нысаны); Ар-Намыс Кодексі нормаларының мемлекеттік қызметшілер тарапынан сақталуы бойынша БҚО-дағы Тәртіптік кеңесінің жұмысы туралы есептері (А-5 нысаны); Жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды сақтау бойынша мемлекеттік ұйымдар іскерлігін тексеру туралы құжаттары; Тәртіптік істерді тіркеу журналы.

Жеке құрам бойынша – Жеке құрам жөніндегі бұйрықтары; Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары; Жеке құрам жөніндегі бұйрықтарды тіркеу журналы; Жеке істерді тіркеу журналы; Жеке еңбек шарттарды тіркеу журналы; Еңбек кітапшалары және олардың жапсырмаларын шығаруды (есеп қозғалысы) тіркеу журналы; Еңбекақыны есептеу ведомостары; Міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік төлемдерді аудару бойынша қызметкерлердің тізімдері мен төлем тапсырмалары; Міндетті әлеуметтік аудару, әлеуметтік төлемдерді аудару бойынша қызметкерлердің тізімдері мен төлем тапсырмалары; Тәртіптік істері.

№ 2-ж жеке құрам бойынша тізімдемеге жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істері енгізілді.

ҒТӨ бір істер номенклатурасы бойынша жасалды: 2008-2010 жылдары. Қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттар – жоқ. Тізімдемелер құрастырылған кезде болған ескертпелер:

ҚР мемлекеттік қызмет жөніндегі Агенттігінің БҚО басқармасы туралы Ережесі 2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін қолданыста болуына байланысты №1 тізімдемеге енгізілмеді.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптар жинағы 2006 жылдан бастап 2011 жылға дейін қолданыста болуына байланысты №1 тізімдемеге енгізілмеді.

Ғылыми - техникалық өңдеу барысында табылмаған құжаттарға құжат түрімен мерзімі көрсетілген акт толтырылды.

ҒТӨ нәтижесінде:

2008-2010 жылдар аралығындағы - 104 тұрақты сақталатын істердің №1-тізімдемесі (жалғасы), 39 жеке құрам бойынша істердің №1-ж тізімдемесі (жалғасы), 127 жеке құрам бойынша істердің №3-ж тізімдемесі, сақтауға

жатпайтын 108 құжаттарды жоюға бөлу туралы актісі, жетіспейтін құжаттардың № 1 актісі жасалды (2013 жылғы істер номенлатурасы бойынша).

2008-2010 жылдар аралығындағы - 11 жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істерінің №2-ж тізімдемесі жасалды.

2008-2010 жылдар аралығындағы - 6 уақытша (10 жылдан жоғары) сақталатын істерінің № 2 тізімдемесі жасалды.

Тарихи анықтама дайындалды.

Ақпарат тасығыштары қағаз түрінде. Орындалу тілі – 2008-2010 жылдарда – мемлекеттік тілде.

Іс қағаздарына жауапты



Ә.Бимұханова

**№ ___ қор «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ
2011-2014 жылдар аралығындағы өзгерістері туралы
тарихи анықтама**

« ___ » _____ 20__ ж.

Орал қаласы

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» ММ-нің (әрі қарай - Департамент) 2011-2013 жылындағы атауы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша басқармасы» ММ-сі.

Департаменттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) мемлекеттік қызмет ісін жүзеге асыру үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ заңдарда белгіленген тәртіппен өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық және өзге де актілер қабылдау;
- 3) орталық мемлекеттік органдарының жергілікті атқарушы және аумақтық органдарының мемлекеттік қызмет кадрларының жай-күйіне мониторинг жүргізу;
- 4) мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіру;
- 5) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңдарды сақтауын бақылау.

Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік қызметті жетілдіру мен тиімділігін арттыру саласында мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруға қатысады;
- 2) жергілікті мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызмет қызметкерлері және кадр резерві жөнінде республикалық мәліметтер базасын түзеді;
- 3) мемлекеттік қызмет кадрларын басқарудың республикалық ақпараттық жүйесін әзірлеуге және қалыптастыруға қатысады;
- 4) әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің санаттарына қойылатын үлгі біліктілік талаптарын әзірлеуге қатысады;
- 5) мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, әлеуметтік-құқықтық қорғалуы жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысады;
- 6) мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

7) мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды және орналастаруды үйлестіреді;

8) мемлекеттік қызметшілер мен әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқаруға үміткерлерді сынақтан өткізеді;

9) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет туралы заңдарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) мемлекеттік қызмет туралы заңдарды қолдану мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың іс-әрекеті мен шешімдеріне мемлекеттік қызметшілердің шағымдарын қарайды;

11) жергілікті мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша олардың қызметіне тексерулер жүргізеді;

12) мемлекеттік қызмет туралы заңдар бұзыла отырып қабылданған жергілікті мемлекеттік органдардың шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізеді;

13) мемлекеттік қызметшілерге олардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда кеңес береді;

14) әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқаруға конкурстар өткізудің шарты мен тәртібін айқындауға қатысады, сондай-ақ конкурстардың дұрыс өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің және Агенттіктің актілерімен және тапсырмаларымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті өз құзыреті шегінде заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің аумақтық органы болып табылады. Ведомствоға қарасты ұйымдары немесе жүйелік аумақтық органдары – жоқ.

Мемлекеттік аппарат жүйесінде мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері орын алады, мысалы: 2011 жыл бойы облысымыздың мемлекеттік органдарымен **283** бос орын жарияланып конкурстар өткізілді. Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне **1801** адам қатысты және оның - 1003-і әйел адамдар.

Конкурс үрдістеріне қатысушылар үшін маңызды кезеңдердің бірі -Қазақстан Республикасы Заңдарын білуге арналған тестілеу болып табылады. Осы жылы тестілеу үрдісіне **1499** үміткер қатысып, олардың **847**–ы оң деген баға алды, яғни қатынасушылардың **56,5 %** құрайды.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша **218** үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер-**103 (47,2 %)**.

Жеңімпаздардың сапалық құрамы төмендегідей: жоғары білімі барлар-**195 (89,4 %)**, орта кәсіптік-**23 (10,6 %)**.

01.01.2012 жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны **4199** (соның ішінде саяси – **185** бірлік) құрады.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – **4039** (**181-і** саяси қызметшілер) құрады. Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны - **2224** немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан **55,1 %** құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің ортақ жасы өзгеріссіз қалды, ол - **39** жас **3** ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - **3406** немесе **84,3%** , оның ішінде **500** адам бірден көп жоғары білімі барлар. **13** мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

Мемлекеттік органдардың ұлттық құрамы: қазақтар-**3669** адам (**90,8%**), орыстар- **273** адам (**6,8%**), өзге ұлттар-**97** адам (**2,4%**).

2011 жыл бойы жұмыстан шығу арқылы **810** әкімшілік мемлекеттік қызметшілер босатылды.

Ал енді 2012 жылда облысымыздың мемлекеттік органдарымен **391** бос орын жарияланып конкурстар өткізілді. Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне **2573** адам қатысты және оның - **1261-і** әйел адамдар.

Осы жылы тестілеу үрдісіне **1945** үміткер қатысып, олардың **1159-сі** оң деген баға алды, яғни қатынасушылардың **59,6%** құрайды.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша **279** үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер-**143** (**51,2 %**). Сондай-ақ, жеңімпаздардың **166-ы** – жұмыссыз, **68-і** мемлекеттік емес салада, **6-ы** аумақтық мемлекеттік органдарда жұмыс жасайтындар, **14-і** жергілікті мемлекеттік органдарда қызмет атқарушылар болғанын және **25** басқа салалар екенін атап өтуге болады.

Жеңімпаздардың сапалық құрамы төмендегідей: жоғары білімі барлар-**231** (**82,7%**), орта кәсіптік-**46** (**16,4%**), орта біліммен-**2** (**0,9%**).

31.12.2009 жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны **4813** бірлікті (соның ішінде саяси – **179** бірлік) құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны **2220** санды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – **4510** (**175-і** саяси қызметшілер) құрады. Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны – **2530** немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан **56 %** құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің ортақ жасы - **39** жас **3** ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - **3514** немесе **85,4%**, оның ішінде **561** адам бірден көп жоғары білімі барлар. **13** мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

Мемлекеттік органдардың ұлттық құрамы: қазақтар-**3760** адам (**91,4%**), орыстар-**259** адам (**6,3%**), өзге ұлттар-**95** адам (**2,3%**).

2012 жыл бойы жұмыстан шығу арқылы **914** мемлекеттік қызметшілер босатылды (оның ішінде **9** мемлекеттік органның қайта құрылуына байланысты).

Ал **01.01.2014** жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны **4427** бірлікті (соның ішінде саяси – **7** бірлік) құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны **2378** санды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – **4115** (7-і саяси қызметшілер) құрады.

Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны – **2215** немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан **53.8 %** құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің орта жасы - 39 жас 6 ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - **3597** немесе **87,4%**, оның ішінде **633** адам бірден көп жоғары білімі барлар. **12** мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

2013 жылы жұмыстан шығу арқылы **875** мемлекеттік қызметшілер босатылды.

2013 жылы облысымыздың мемлекеттік органдарымен **558** бос орын жарияланып конкурстар өткізілді.

Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне **1028** адам қатысты және оның – **455-і** әйел адамдар.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша **433** үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер – **154 (35,5%)**.

Ал **01.10.2014** жылғы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік органдарының штат саны **4435** бірлікті (соның ішінде саяси – 7 бірлік) құрады. Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны **2378** санды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – **4186** (7-і саяси қызметшілер) құрады.

Мемлекеттік орган аппараттарындағы әйел адамдардың саны – **2262** немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санынан **54 %** құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің орта жасы - 39 жас 3 ай. Жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны - **3688** немесе **88,1%**, оның ішінде **672** адам бірден көп жоғары білімі барлар. **10** мемлекеттік қызметшінің ғылыми дәрежелері бар.

2014 жылы(9 ай қорытындысы бойынша) жұмыстан шығу арқылы **509** мемлекеттік қызметшілер босатылды.

2014 жылдың 3 тоқсан бойынша облысымыздың мемлекеттік органдарымен **551** бос орын жарияланып конкурстар өткізілді.

Бос лауазымға орналасуға арналған конкурс үрдістеріне **1019** адам қатысты және оның – **355-і** әйел адамдар.

Тестілеудің және бос тұрған лауазымға орналасуға арналған конкурс комиссиялары өткізген әңгімелесулердің қорытындысы бойынша **432** үміткердің кандидатурасы бос лауазымдарға ұсынылды, соның ішінде әйелдер – **194 (44,9%)**.

Департамент Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігіне бағынышты.

Басқарманың штаттық лауазымдар тізілімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасының бұйрығымен бекітілді:

Басқарма бастығы-Тәртіптік кеңес төрағасы - 1 бірлік

Басқарма бастығының орынбасары - 1 бірлік

Тәртіптік кеңес хатшылығының меңгерушісі - 1 бірлік

Құрылымдық бөлімінің басшысы - мемлекеттік қызметті өткеру және персоналды басқаруды бағалау бөлімінің бастығы - 1 бірлік

Мемлекеттік қызметті өткеру және персоналды басқаруды бағалау бөлімінің консультанты – 3 бірлік

Тәртіптік кеңестің хатшылығы құрылымдық бөлімінің басшысы –инспекция және мемлекеттік қызметтерді бағалау бөлімінің бастығы - 1 бірлік

Тәртіптік кеңестің хатшылығы – инспекция және мемлекеттік қызметтерді бағалау бөлімінің консультанты - 3 бірлік

Барлығы: 11 бірлік

2011- 2014 жылдарында Басқарманың штаттық саны мен құрылымы өзгерген жоқ.

Ведомстволық мұрағат болмағандықтан 2011 жылдан бастап құжаттар бөлімдерде сақталуда.

2011-2014 жылдар аралығындағы құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу өткізілді. Олар мұрағаттық қордың құрамы мен мазмұнын сипаттайтын мынандай тұрақты сақталатын істер – ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің тапсырмалары, олардың орындалуы жөніндегі құжаттары; Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтары; Басқарманың жұмыс регламенті; Басқарманың жылдық жұмыс жоспарлары; Мемлекеттік органдар басшыларымен, кадр қызметі қызметкерлерімен өткізілген семинар-кеңестердің құжаттары; Негізгі қызмет жөніндегі бұйрықтарды тіркеу журналы; Тәртіптік кеңесі шешімдерін тіркеу журналы; Қаржыландыру жылдық жоспарлары және оның құжаттары; Қызмет көрсету және қызмет көрсету жұмыстары тауарларды мемлекеттік сатып алу бойынша жылдық жоспарлары; Кадр резерві, ауыстыру тәртібі келісілулер, аттестациялау жөніндегі есептері; Мемлекеттік қызметшілердің саны және мемлекеттік органдарда конкурстық сұрыптау жөніндегі есеп берулері; Кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептері; Тәртіптік кеңес отырыстарының хаттамалары; Мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларын сақтауды тексерудің қорытындысы бойынша есептері (А-1 нысаны); Тәртіптік кеңес жұмысы туралы есептері (№А-2, 1-ДС); «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» есептері №1-ТӨ; Орталық мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімдері тәртіптік комиссиялары қызметінің нәтижесі жөніндегі басқарманың есептері (А-3 нысаны); Мемлекеттік органдарының қызметшілерімен Ар-Намыс кодексі нормаларының сақталуы бойынша есептері (А-4 нысаны); Ар-Намыс Кодексі нормаларының мемлекеттік қызметшілер тарапынан сақталуы бойынша БҚО-дағы Тәртіптік кеңесінің жұмысы туралы есептері (А-5 нысаны); Жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды сақтау бойынша мемлекеттік ұйымдар іскерлігін тексеру туралы құжаттары; Тәртіптік істерді тіркеу журналы.

Жеке құрам бойынша – Жеке құрам жөніндегі бұйрықтары; Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары; Жеке құрам жөніндегі бұйрықтарды тіркеу журналы; Еңбекақыны есептеу ведомостары; Міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік төлемдерді аудару бойынша қызметкерлердің тізімдері мен төлем тапсырмалары; Міндетті әлеуметтік аудару, әлеуметтік

төлемдерді аудару бойынша қызметкерлердің тізімдері мен төлем тапсырмалары; Тәртіптік істері.

№ 2-ж жеке құрам бойынша тізімдемеге жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істері енгізілді.

ҒТӨ бір істер номенклатурасы бойынша жасалды: 2011-2014 жылдары. Қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттар – жоқ. Тізімдемелер құрастырылған кезде болған ескертпелер:

ҚР мемлекеттік қызмет жөніндегі Агенттігінің БҚО басқармасы туралы Ережесі БҚО әділет департаментіне тапсыруына байланысты №1 тізімдемеге енгізілмеді.

Ғылыми - техникалық өңдеу барысында табылмаған құжаттарға құжат түрімен мерзімі көрсетілген акт толтырылды.

ҒТӨ нәтижесінде:

2011-2014 жылдар аралығындағы - 120 тұрақты сақталатын істердің №1-тізімдемесі (жалғасы), 15 жеке құрам бойынша істердің №1-ж тізімдемесі (жалғасы), 181 жеке құрам бойынша істердің №3-ж тізімдемесі, сақтауға жатпайтын 65 құжаттарды жоюға бөлу туралы актісі, жетіспейтін құжаттардың № 1 актісі жасалды (2013 жылғы істер номенклатурасы бойынша).

2011-2014 жылдар аралығындағы - 11 жұмыстан босатылған қызметкерлердің жеке істерінің №2-ж тізімдемесі жасалды.

2011-2014 жылдар аралығындағы - 5 уақытша (10 жылдан жоғары) сақталатын істерінің № 2 тізімдемесі жасалды.

Тарихи анықтама дайындалды.

Ақпарат тасығыштары қағаз түрінде. Орындалу тілі – 2011-2014 жылдарда – мемлекеттік тілде.

Іс қағаздарына жауапты

А.Исетова